

«МЕНИҢ ОҚЫТУДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІМ» ТАҚЫРЫБЫНДА ӨТКЕН КОУЧИНГ ЕСЕБІ

Өткізілген күні: 16.01.2026 ж.

Өткізілген орны: Астана қаласы Ж.Жабаев атындағы № 4 мектеп-гимназия

Қатысушылар: Педагог-сарапшылар

Ұйымдастырушылар: Мектеп-гимназия директорының бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары А.Т.Көшметова, тренер Б.Ғ.Ғалымжанов

Коучингтің мақсаты: Мұғалімдердің кәсіби рефлексия жасау дағдыларын дамыту, оқытудағы жетістіктер мен кемшіліктерді саралау арқылы педагогикалық шеберлікті жетілдіру.

Міндеттері: а) Мұғалімдердің өз тәжірибесіне сыни көзқараспен қарауын қалыптастыру; ә) Жетістіктерді анықтап, оларды жүйелеу; б) Кемшіліктерді айқындап, түзету жолдарын қарастыру; в) Өзара тәжірибе алмасу.

Коучинг барысында Коуч қатысушыларды коучингтің мақсатымен таныстырып, психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру жаттығуын өткізді. Қатысушылар топтастырылды. Коуч кәсіби рефлексияның маңыздылығына тоқталды. Оқыту үдерісінде сабақ мақсатының нақтылығы; тапсырмалардың тиімділігі; бағалау әдістерінің дұрыстығы; оқушылармен кері байланыс сапасы; саралау деңгейі сияқты аспектілерге талдау жасау қажеттігі айтылды. Практикалық бөлімде қатысушылар төмендегі жұмыстарды орындады: а) «Менің 3 жетістігім – 3 кемшілігім» әдісі арқылы жеке талдау жасады; ә) SWOT талдау жүргізді (күшті, әлсіз жақтары, мүмкіндіктер, қауіптер); б) Өз тәжірибесінен нақты мысалдар келтірді; в) Кемшіліктерді жоюға арналған іс-әрекет жоспарын құрастырды. Топтық талқылау барысында мұғалімдер өз ойларымен бөлісіп, бір-біріне ұсыныстар берді. Кері байланыс кезінде қатысушылар коучингтің ашық пікір алмасуға мүмкіндік бергенін атап өтті. Көпшілік кәсіби рефлексияны жүйелі жүргізудің маңыздылығын түсінгендерін білдірді. Коучинг барысында мұғалімдер өздерінің оқыту тәжірибесіне талдау жасап, жетістіктерін айқындап, кемшіліктерін түзету жолдарын қарастырды. Практикалық жұмыстар кәсіби дамуға серпін берді. Алдағы уақытта: а) жеке кәсіби даму жоспарын құру; ә) өзара сабаққа қатысу арқылы тәжірибе алмасу; б) рефлексия жүргізуді жүйелі жолға қою жоспарланды.

Есепті дайындаған: А.Т.Көшметова

Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия директорының
бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары